

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылды 12 қазанды № 8818 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.01.2018 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - ның ескертпесі !

Осы бұйрық 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРМАЫН**:

1. Қоса беріліп отырған жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Әкімшілік-кадр жұмысы департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте мыналарды:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберілуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Әкімшілік-кадр жұмысы департаментінің директорына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Индустрія
және жаңа технологиялар министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2013 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 281 бұйрығымен
бекітілген

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

Жалпы қолжетімді дербес деректер:

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
2. Тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы мәлімет;
3. Қолы;
4. Туған жылы, айы, күні;
5. Туған жері;
6. Жеке күәлік құжатының деректері: құжаттың атауы, нөмірі, берген күні, қолданылу мерзімі, құжатты берген орган;
7. Азаматтығы (алдыңғы азаматтығы), Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні, Қазақстан Республикасы азаматтығының күші жойылған күні;
8. Тұрғылықты мекенжайы, тұрғылықты жері бойынша немесе келген орны бойынша тіркеу күні;
9. Электрондық поштасының мекенжайы;
10. Байланыс телефондарының нөмірлері;
11. Жеке сәйкестендіру нөмірі;
12. Занды мекенжайы, занды мекенжайды тіркеу күні (тіркеуден шығару), қызмет түрі;
13. Еңбек кітапшасының нөмірі, сериясы және берілген күні және ондағы жазбалар туралы мәліметтер;
14. Қызметтік келісімшарттың, азаматтық-құқықтық шарттың мазмұны мен деректемелері;
15. Мұлік туралы мәлімет (мұліктік жағдай): автокөлік (маркасы, тіркеу орны), орналастыру мекенжайы, жылжымайтын мұлік объектілерін алу тәсілі мен негізі;

16. Мемлекеттік және ведомстволық наградалар, құрметті және арнайы атақтар, көтермелеулер (оның ішінде награданың, атақтар немесе көтермелеулер атауы немесе аты, марапаттау немесе көтермелеу туралы нормативтік актінің күні мен түрі) туралы мәліметтер;

17. Аттестациялау бойынша материалдар;

18. Ішкі қызметтік тергеу бойынша материалдар;

19. Белгіленген нысандағы медициналық қорытынды;

20. Уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы мәлімет;

21. Әлеуметтік женілдік туралы және әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер (сериясы, нөмірі, беру күні, женілдіктер мен мәртебені ұсыну үшін негіз болып табылатын құжатты берген органның атауы).

22. Еңбек қызметі туралы мәлімет (лауазымды толық көрсете отырып, ағымдағы уақытқа еңбек қызметі туралы, құрылымдық бөлімшениң, ұйымның және оның атауы туралы деректер, жалпы және үздіксіз жұмыс өтілі, мекенжайлар мен телефондар, сондай-ақ басқа ұйымдардағы бұрын атқарған лауазымның толық атауы мен осы ұйымдарда жұмыс уақытының деректемелері);

23. Білімі, біліктілігі туралы және арнайы білім немесе арнайы дайындықтың бар-жоғы туралы мәліметтер (білім беру мекемесін аяқтау туралы дипломның, қуәліктің, аттестаттың немесе басқа да құжаттың сериясы, нөмірі, беру күні, оның ішінде білім беру мекемесінің атауы мен орналасқан жері, факультет немесе бөлімше, білім беру мекемесін аяқтау бойынша біліктілігі мен мамандығы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, шетел тілдерін білуі);

24. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер (біліктілікті арттыру және қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берген күні, білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері, білім беру мекемесін аяқтау бойынша біліктілігі мен мамандығы);

25. Еңбекақы туралы мәлімет (оның ішінде жалақы, ұстемеақы, салықтар бойынша деректер);

26. Әскери міндетті адамдар мен әскери қызметке шақыруға жататын адамдардың есепке алынуы туралы мәліметтер (әскери билеттің сериясы, нөмірі, оны берген органның атауы, әскери-есепке алу мамандығы, әскери атағы, есепке қою/алу туралы деректер);

27. Отбасы жағдайы туралы мәлімет (некедегі жағдайы, неке қиу туралы қуәліктің деректері, әйелінің (куйеуінің) тегі, аты, әкесінің аты, әйелінің (куйеуінің) жеке қуәлік құжаттының деректері, туыстық дәрежесі, отбасының, бірге тұратын басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері, баланың бар-жоғы және олардың жасы);

28. Соттылығының болуы (болмауы).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК